


Сұлтанмахмұт ТОРАЙФЫРОВ



# АСЫЛ СӨЗ



Мекмен  
кіманханасы

**Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ**

# **АСЫЛ СӨЗ**

Әлендер мен дастандар

Алматы  
2005

ББК84Каз7-5

Т60

Казакстан Республикасы Мәдениет, **ақпарат және** спорт  
**министрлігінің бағдарламасы** бойынша **шығарылыш** отыр

Т60 Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

АСЫЛ СӨЗ. Өлеңдер мен дастандар.

Алматы, КАЗАКПАРАТ., 2005.- 117-бет

ISBN 9965-643-97-0

Бұл жинаққа қазақтың көрнекті ақыны С.Торайғыровтың  
бүтінгі жас үрпак та үлгі-өнеге тұтып, болашакта ел-  
жұртының есті азamatы болып кальптасуына өсер-ықпалы  
мол өлең-жырлары мен танымдық-тағылымдық  
қырларымен елең еткізетін толғау-дастандары енді.

ББК84 Каз7-5

4803250202

452 (05)-05

ISBN 9965-643-97-0

© ТОРАЙҒЫРОВ С., кайта басылуы, 2005

© “КАЗАКПАРАТ”, 2005

## ӨЛЕНДЕР

### АЛҒЫС

Жанымды жарқыраткан, ағаларым!  
Көп тиді біз - ініңе паналарың.  
Талпынып, таянды ғой тәбем көкке,  
Жоқ еді қозғаларлық шамаларым.  
Бақ пен так, жақсылықтан нұр күйылып,  
Өмірлі болсын бала-шағаларың!

Жаным, тәнім, тілегім — бәрі сізде,  
Онан баска еш нәрсе жоқ қой бізде.  
Бір құдай тілегімді кабыл етіп,  
Жақсылық нұр жауғызын, жүртый, сізге.

1912

### ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП

Шығамын тірі болсам адам болып,  
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.  
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,  
Жүргенше өмір сүріп, надан болып.

Мен балаң жарық күнде сәуле құған,  
Алуға күнді барып белді буған.  
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,  
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,  
Ойында оты барлар асылық демес.  
Тебем деп тірі болсам надандықты,  
Серт етіп, өз-өзіме еткем егес.

1913.

## **ҚЫМЫЗ**

Алдияр, аруағыңа, ет пен қымыз,  
Сені ішкен мұратына жеткен, қымыз.  
**Мейілі доңыз болсын, қоңыз болсын,**  
Иенін түкірігін ем еткен қымыз.

Бас иіп айдыныңа ауыл-аймақ,  
Коясың қоғамыңды жіпсіз байладап.  
**Құдай иіп құлқынға түсе қалсан,**  
Есілдей есіп шалқып ақақайлап.

Тізеден сегіз қарыс кара саба,  
Жыбырлап айналанда бала-шаға.  
Дүниеде неше түрлі нығмет бар ғой  
Сонда да сенің жөнің жеке-дара.

Көпірсен, ұжымақ иісі анадайдан  
Кеуденіңі жарып кетер әлдекайдан.  
Екпінің еш нәрсеге жол берे ме,  
Өзендей гүр-гүр етіп акқан сайдан?

Адамның дүниедегі бәрі досың,  
Сиқыр ма бұ не ғажап сенің осың?  
Ерінге бір-екі күн тимей жүрсен,  
Келтірмей құрыстаташ көңіл хошын.

Шалдардың піскен даусың есін альш,  
Отыртпай үйлеріне тұрткі салыш.  
**Мейілің теп, мейілің ақыр, мейілің жекір,**  
Кек қылмас саған ешкім **көңілі қалыш.**

Магнитің тұстік жерден қонақ бұрыш,  
Әдейі сәлем үшін бұрыс жүріп,

*Нығмет (арабаша) - байлық, ризық мағынасында*

Бай, кедей, жақсы, жаман, төре, қара <sup>“”</sup>  
Жапырылып ынғайына бәйік тұрып.

Эсіреле кажы, сопы, қожа, молда <sup>“”</sup>  
Сарт та сұрт тасбықтарын альш қолға.  
Жаудыртып келгеннен-ақ баталарын,  
А, құдай, онда да онда, аруақ қолда.

Осылай зиярат қып жүрттың бәрі,  
Аузыңдан шыққан сөзің болып дәрі,  
"Мырзеке, ие солай!" деп бас изесе,  
Тәштитіп танауынды онан әрі.

Сапырсаң сары шараға құлаш керіп,  
Жиылған мейманыңа құйып беріп.  
Ата ұлын, ене қызын безіп тастап,  
Кетпей ме екі ұдайда саған еріп.

Көсіпсіз көзін сатқан сорлы кедей,  
Қоя ма піспек андып тентіремей?  
Атағынды көтерер алғыс айтып,  
Байғұска бір жұтқызсан, "кет, шық" демей.

Шатып-бұт не қылсаң да сөзің дәмді,  
Кісі жоқ бу жиһанда сенен сәнді.  
Қымызсыз маған салса, Аплатон бол,  
Көрмессің сөзің тындар ешбір жанды.

Басыңдан қымыз кетсе, қызық кетер,  
Сыш-сиық, сәuletінді бұзып кетер.  
Кешегі бөйік болып отырған жүрт  
Күдерін бүтін сенен үзіп кетер.

Ей, қымыз, ыза қылдың қолға түспей,  
Онда мен жүремін ғой күйіп-піспей,  
Жүректегі капамды атқызар ем,  
Өлсем де жүртқа беріп, өзім ішпей.

1913

## БІР БАЛУАНҒА ҚАРАП

Жықсан бәйге аласың алысқанда,  
Кару қып, кайратың сап қарысқанда.  
Жындылық - шаппай бәйге бер деп сұрау,  
Озсан, бәйге кім бермес жарысқанда.

Тұрмысы бұл дүниенің күреспен тең,  
Тәуекел, күреске тұс, бар-дағы жең.  
Дүниеде барлығынды кім біледі,  
Үйінде ынжыктаңып отырсаң сен!

Кім сені бұл дүниеде бар деп айтар,  
Кім саған жықпай бәйге ал деп айтар?  
Жықпасаң да күресіп талаптансаң,  
"Еті тірі, жаужүрек жан" деп айтар.

Жүрген көп; "жығылам" деп үйде бұғып,  
Жел бол май, боран болмай бет алды ығып;  
Қысқасы, ондырмаған жасқаншактық, —  
Жасқанба, қылыш шапса, найза сұғып!

1913

## ШӘКІРТ ОЙЫ

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне  
Күн болмағанда кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін  
Жылтыуға мен кірермін.

Еңбек, бейнет тарауы  
Рахатқа сарқылар.  
Қыздырып күннің карауы  
Надандық теңізі тартылар.

Орны отайып, көгерер,  
Кызығын жайлап ел көрер  
Тұрмыс, тағдыр бірі де  
Бұл мақсұттан бұра алмас.  
Қаһарман Рұстем, Әли де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың құлісі,  
Алдандырмас бірісі.

1913

## ЖАҚСЫЛЫҚ **КӨРСЕМ** ӨЗІМНЕН

Жақсылық көрсем өзімнен,  
Жамандық көрсем өзімнен.  
Тағдыр қылды деулерді  
Шығарамын сөзімнен.  
Өзім қылдым деулерді  
Таса қылман көзімнен.

Жазалы емес құдай да,  
Күн мен жүлдyz һәм ай да.  
Жұмақ күткіш наданның,  
Орны дозақ әр қайда.  
"Тенгерер соныра" — деген сөз -  
Тек жұбаткан бір айла.

1914

## АЙТ

Жер жүзін көк шөп басып түрленгендей,  
Кызарып бәйшешектер гүденгендей.  
Киініп қыз, келіншек жарқылдайды  
Бір түрлі жаңа тұрмыс түрге енгендей.

Шаттықта өні ашыңқы бала-шаға  
Оларды есіркейді камқор ана.  
Жастар да өз бетімен қырындап **жұр**,  
Бұран бел жас сәулемді есіне ала.

Әр үйдің тілегенге есігі ашық  
Шаттық бар, жамандық ой кеткен қашып.  
Сойған қой, берген қымыз **құрметіне**  
Байлар да кердендейді алшаң басып.

Аттанған қожа-молда тын куып,  
Сөлдемен он бес құлаш белді буып.  
Мұрт **басқан**, сұрме тарткан, тырнақ кескен,  
Дәретпен жып-жылтыр қып бетті жуып.

**Жалғыз-ақ** дорба асынған кедей көріп,  
Аштықтан өні кеткен беті де арып.  
Әркімдер тын-тебен беріп **жатыр**,  
Дегенге: “**Құтты болсын, айт шәріп!**”

1914

## БІР АДАМҒА

Бір үйде жилюлы екен казына мал,  
Көрсетті бәрін бізге аксақал шал:  
“**Бұрынғы** атамызға сыйға берген,  
Біздерде мынадай бар, мынадай бар?..”

Ол рас, аталарың шенге алыпты,  
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты.  
Апыр-ай, калай бұлдаған сатқандарын,  
Оқа, түйме, сылдырлақ теңге алыпты!

*Шәріп (арабша) — қадірлі, қымбат деген мағынада.*

Суреттер және көрдім жүзі жарқын,  
Ойладым: "Ондырған-ау, баққан халқын".  
Соншама күны толық бұлды түйме,  
Артында қалдырmas па жақсы даңқын?

Дедім мен: "Құтты болсын шекпеніңіз,  
Артқыға қандай егін еккеніңіз?  
Жусақ та денемізден кетер емес,  
Сондағы тұқым шашып сепкеніңіз".

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,  
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп:  
"Кай момынның малы бар бұл аякта?"  
Демейінше болмады, қарап жай-ак!

Отырдым, көрсем жекіп тастар ма деп,  
Шал айтты: "Көрініздер, жасқанба" деп,  
Кесені қолыма алып қарай бердім:  
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп.

1914

## ӘМІРІМНІҢ УӘДЕСІ

Оллаңи! Аңт етемін Алла атымен,  
Орыс тілін білемін һәм хатымен.  
История, география пәнді білмей,  
Оллаңи, тірі болып жүрмеспін мен.

Келгенше осыларды отыз жаска,  
Іншалла бәрін түгел үғам баска.  
Отыз жаска келгенше үға алмасам,  
Жер жұтсын, мәз болмаймын ішер асқа.

Сенемін еңбек қылсам, бақыт жақын,  
Келер жаз атақты алам деген "акын".

Жүректің қазынасы тазартылса,  
Пайдасын көрер әлі-ақ ертең халкым.

Тұрмыстың оғы шыбындай,  
Тезінен туар көнгілімде-ай.  
Бір мағнауи күш тұртіп,  
Бакқа ұмтылып тұр мандай.

Үміттің көзі жарқырап,  
Бұлағы ағар сарқырап.  
Бұл бәйгеде Махмұттың  
Азбаны келер арқырап.

1914

## ЖАН ҚАЛҚАМ

Енді, әрине, мен бір шөп  
Козғалмаймын тіпті көп.  
Козғалмаймын демеймін,  
Толқитын енді жерім жок.

Неге еспейсің желінден,  
Аяймысың ерінден.  
Жан қозғарлық жар болсан,  
Кел құшактат белінден.  
Бұйырғанды көрерсің  
Кимылдатқан ернінден.

Карадың неге, жан қалқам,  
Күйдірейін дедің бе?  
Етіп калдың бір жалтаң,  
Сүйдірейін дедің бе?

*Мағнауи (арабша) — рухани күш.*

Өзегімді жандырдың  
Идеямнан тандырдың.  
Өмірлік кетпес қайғымды  
Бір көз салып қалдырдың.

Кызықтырдың басына  
Бас имеуші едім ғаламға.  
Неғып тарттың касына  
Танданбаушы едім адамға.

Көлеңкенді көрейін,  
Құрбандықта өлейін;  
Жандырдың өзің өрт салып,  
Баспасаң кайтіп сөнейін?

Бір қараумен ерітесің  
Жүректің мұз тондарын.  
Бір күлумен серпесің  
Тағдырдың сұық қолдарын.

Көріп жүрсем күндеймін,  
Көрмей жүрсем түндеймін.  
Қимақ тұрсын, жат жаннан  
Көлеңкенді күндеймін.

Сені көріп тұрганда,  
Күн мен жұлдыз, ай да жок,  
Жүрегім лепіріп жүлғанда,  
Патша да, құдай да жок.

Бәрі сенің бір өзің:  
Күн, ай, жұлдыз — дәл көзің.  
Мың кайтара тәу етем,  
Аузыңнан шықса бір сөзің.

Сен жоқ болсан, қарағым,  
Дүние жүзі маған көр.  
Барлық талайым...  
Цифры жоқ, сенсіз ноль.

Сірә да жалғыз мен емес,  
Сенсіз дүние кең емес.  
Ауруым катты өлемін,  
Өзінен баска ем емес.

Маған салсаң еңкейіп,  
Катайып кет, жасып кет.  
Әрі барсаң теңкейіп,  
Өлексе боп сасып кет.

Айнымас менің сүйгенім,  
Сөнбес жаңып күйгенім.  
Бетінен сонда сүйгізсен,  
Көз жасымды игенің.

Осы сұю жолдаста  
Болмаса, кеттің онбасқа.  
Екеуің де бірдей бол,  
Болмадың ондай — жол баспа.

1914

## САРЫАРҚАНЫҢ ЖАҢБЫРЫ

Көп уақыт жаңбыр көрмей курап, күйіп,  
Жоқ еді Сарыаркада көрер сиық.  
Шөлдеген сол қатарда жан-жануар —  
Аузына тұра алмаған тілі сыйып.  
Айналған Сарыарқамен қоштасуға,  
Бір жаңбыр жібермесе құдай иіп.  
Садака неше беріп, жаңбыр сурап,  
Намазды неше оқыған жүрт жиыльп.

Көп уақыт зарыктырып, ақырында,  
Күнбатыстан қара бұлт жауды құйып.

Сіркірей, шұмектеп күн жалтылдаған,  
Көк жерге құлағандай шартылдаған.  
Кей уақыт жердің беті аппак болды,  
Жұмыртқадай бүршакпен сартылдаған.  
Ыстық жерде өршитін жылан, шаян  
Жан сактауға ін таппай калтылдаған.

Таулардан бейіл кеңіп, **ағып** бұлақ,  
Кей үйлер талқан болып жатыр **құлап**.  
Сонда кемпір от үріп, тұтата алмай,  
Шалына төрде отырған **айты** жылап:  
"Тезек су, кешегіден сүт шикі түр,  
Тілек қылған ел ақмақ жаңбыр сұрап;

Арба астында қалшылдалп иіріліп түр **""""**.  
Кеше қырыққан жұнсіз қой, **арық-тұрак**.  
Бір жағынан жалтылдалп зәрені алып,  
Күркіреуден міне түр тұнып **құлақ**.  
Бір үргенде жанатын тезек майдай,  
Жаңбырдан маған артық ыстық шуақ!"  
Бұл мысалдың мәнісін ұға алсаң тез  
Келген заман — бостандық, жаңбырмен тең.  
Уактыма тезек **құрғақ** болмады деп,  
Кемпірдей қашпа құдай рахметінен.  
Жаңбырдан соң көгерген Сарыаркадай  
Бостандықтың күшімен көгерсін ел!  
Дейсіндер: "Тыныш кетті, күнде сайлау",  
Кемпірден жоғарғы **айтқан** **кай** жерің кем?

1917

## **НЕГЕ ЖАСАЙМЫН?**

Сузыз, шетсіз шөлдерден  
Тұманды, тұпсіз көлдерден,  
Адамдық көші өткенше!  
Касқыр мен қой дос болып,  
Достықсыз өмір бос болып,  
Шын өмірге жеткенше!  
Іштен өсіп адамдық,  
Сырттан түлеп жамандық,  
Тазарып әбден кеткенше:  
Талай шаштар ағарап,  
Талай тәнді жер алар,  
Талай буын куарап,  
Талай өмір суалар.

Жасамаймын: "Еңбектің  
Жемісін көзben көрем" деп,  
Жасаймын: "Бір қолғабыс  
Кейінгіге берем" деп.

1918

## **СОҒЫСТЫҢ КЕСІРІ**

Неше қыршын жастардың  
Кеудесінен оқ өтіп,  
Ауыздарынан кан кетіп,  
Ішіне тартыльп көздері,  
Ыңырану боп сөздері,  
Шытынап көкшіл көздері.  
Елестеп көзіне арманы,  
Жетем деп ойға алғаны,  
Елдегі катын-баланың,  
Әке, шеше, ағаның  
Көрмей, жылап қалғаны.

Міне сондай заманда,  
Жау әскері қаланда;  
Мал-мұлкінен күдер үз!  
Ажары тәуір қатын-қыз  
Зорлауы мен таланда.  
Талай милар бұрқырар,  
Саз балшыктай табанда.  
Адам күші жетер ме,  
Мұнан да әрі жаманға?!

Сондайларды үялмай,  
Қосармысың адамға?..  
Больницаға барғанда,  
Сай-сүйегің сырқырап;  
Кейбіреулер қорқырар,  
Кейбіреулер қырқырап,  
Дәрігер пышақ салғанда:  
Кейлер шыңғырып, шырқырап.  
Кейінің ерні кезерер,  
Ымдал жұтым су сұрап;  
Өкпе тұсы - жан жерден,  
Жан тұратын әр жерден,  
Кейінің қаны бұрқырап.  
Кайғыланып отырар,  
Көзден жасы жылтырап...

## **ОСЫ ДА ӘДІЛДІК ПЕ?**

Дүниенің дөңгелегі айналады:  
Кімі үстінде гуляйттап жайланады;  
Кімі астында езілер саз **балшықтай**,  
Білмеймін, түбі неге айналады?  
"Үстегіде не касиет, астағыда  
**Не жазық?"** деп еріксіз ойланады.

— Үстегі сындырмаған шөптің басын,  
Сонда да тамағы тоқ, кигені асыл;  
Жасаулы, зиннеттеулі палатада  
**Кызметкер** даяр қылар керек асын.

Он жыл қызмет бір кедей қыльп таппас  
Кондырған бір жүзікке асыл тасын;  
Бір кедей жылдық тамақ етер еді,  
Өндеген бояуына бет пен қасын.  
Безе нуге, ойынға мал шашумен  
Откізіп бара жатыр өмір жасын.

Кол жоқ онда жұмысқа, іске тиер,  
Жұма сайын бір модалы киім киер.  
Сән-сауықтың бәрі де табылады:  
Тек қайсысын көнілі оның сүйер.

Бір қонағы тұрады он мың тенге,  
Номерлерге барысы одан кем бе?  
Бір тұнгі бір әйелге шыққан шығынын  
Түссе де кедей таппас 40 жыл терге.

Жолы бос жиһан кезсе тамашалап,  
Алдында стол, биші қыз, қызыл арак;  
Портвейн, карта ойыны күн-күн сайын,  
Іш пысқан соң отыра ал май текке қарап.

Шалқасынан жатса да, құдай берер,  
Шашса да кедейлік жоқ оған көрер.  
Заводы, фабригі, жер жалынан  
Жыл сайын миллион-миллион доход келер.

*Жер жалынан — жерді жалға беру (арендаға беру)  
мағынасында.*

Астағы жұмыс қылған қолы жаурып,  
Жасынан терге жуылып, арқасы аурып.  
Жер астының кендерін шығарам деп,  
Жөтеледі, онда жоқ денге саулық.

1919

## БАЛАЛЫҚ **КҮН**

Балалық, сенен артық күнім бар ма,  
Бала күнде бойымда мінім бар ма?  
Бәріне жетем деймін, алам деймін,  
Жас **киялда тоқталып**, тыным бар ма?  
Балаға тең көрінер бай мен кедей,  
Сүйеді жақсы, жаман, надан демей.  
Күнә, **сұмдық дегенді** ол білмейді,  
Айырмасыз ер, әйел бәрі бірдей.  
Жақын-алыс деп білмес алалауды,  
**Аққа** жауып жаланы каралауды.  
Өмір, өлім не нәрсе үжмак, дозақ,  
Білмейді бақ, күндеу мен табалауды.  
Кайғы, қызық не нәрсе, дәмін білмес,  
Байлық, бақыт дегенді көзіне **ілмес**.  
Жақсы, жаман **сөздердің** парқын **айрыш**,  
Не десен де танданып, **кулақ** тұрмес.  
Шіркін-ай, балалық күн, өтесің-ау,  
Артыңа кайырылмай-ақ кетесің-ау.  
Жігіттікті кәрілік қуып жетіп,  
Ажал-дағы, **кешіктей** жетесің-ау.  
**Қызықты**, тәтті өмір, бітесің-ау,  
**Алдынан** ажал тосып, күтесің-ау:  
Тұғанда **қызықтаған** жана жанды,  
Тумағандай бір күні етесің-ау.

## **БАЙЛЫҚ**

**Байлық-ай,** сенің ызын өтті-ау маған,  
**Не қылдым өшігерлік,** жаным, саған?  
Мені көрсөң жирендің, теріс карап,  
Экеңнің менде құны бардан жаман.  
Әлі жаспын, не қылдым өшігетін?  
Ойың жок, мені есіркеп, өсіретін.  
Кедейлікті жіберіп аяқ, қолды  
Байлаттың ерік бермей көсілетін.  
Сен келсең бар қыным шешілетін,  
Сен жоқта аяқ-қолым кесілетін.  
Сенің досың байлардай болып, менде  
Құн бар ма көніл өсіп, есіретін.  
Келмесең зарлайтуғын менде хал жок,  
Баяғы бір ку кедей қолда мал жок.  
Өмір бойы бейнеттен арылмаған,  
Тұрмыстың көк шолағы, жалда-жал жок.  
Бәрібір сонда-дағы өмір сүрем,  
**Калқақтап** көп ішінде мен де жүрем.  
Артықтығы: тамақ мол, киімі бар,  
Бай көрген дүниені мен де көрем.  
Ол маған ұсташа емес, көрүте бар,  
**Байлар** үшін жаралған казына мал.  
Адам ұлын алалап, бірдей қылмай,  
Нағыз жауыз — байлық сен, пейілі тар.



# КЕДЕЙ

поэма

**"Дүниедегі нәрсенің бәрі белгілі бір жагдай мен ортаниң  
әсерінің нәтижесі. БҮЛ жагдай, органы жасау, жарату  
адамның қолынан келеді. Оның хайуанаттан өзгешелігі  
де осында. Адамның ақыл, ойымен табылған нәрсенің  
бәріде осылай жасалған. Мұнан мәнің шығармамның  
мақсаты айқын болса керек"**

1919 жыл. Султанмахмут.

## Қызметі һәм аяныш халі

Күзгі тұн, шөптің басын қырау көмген,  
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.  
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,  
Мен ояу, ел үйқыда, оттар сөнген.

Ұзак тұн, жолдасым жоқ иттен басқа,  
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,  
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,  
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.

Жүрт айтады: "Еңбек қып, ерінбесен,  
Маңдай термен ас тауып адал жесен,  
Қызмет кылған байыңнан алғыс алсаң  
Ол сені алдап, арбап, кетсе де есен.

Сонда сен көгересін", - дейді халық,  
Көп өмір өтпеді ме бұған нанып?  
Ес біле басталғаннан бері карай  
Бір күн тыныш жаттым ба, үйқым қаныш?

Адамға аса қымбат балалық шақ,  
Ойға кіріп, шықпайтын сор менен бак,  
Қозы қуып, бұзауға құрық салып,  
Торғай көзделеп, шиді иіп, жасайтын жақ.

Топай жиып, батпактан құдық казып,  
Балалықтың жанына ойын азық.  
Сол кезде де еркімше ен далада,  
Кашан мен ойнап едім бойым жазып?

"Патшағар, неге тілді алмайсың деп,  
Еркелейтін сен неме қандайсың?" - деп,  
Бай қамшысы арқамды оспады ма?  
**Жылдамырак** қозыға бармайсың деп.

**Қозыға** жарауымнан біраз бұрын  
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?  
**Сүйретіп**, арбасының аты болым,  
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным.

Онан жаста шешемнен тамақ сұрап,  
**Қынқылдап**, иығынан тұрттім жылап.  
Бай асынан жасырып ас өперер,  
Мен үшін зекуіне шеше шыдалп.

"Жылдам іш, біреулері көреді, - деп,  
Көрсе егер, маған ұрыса береді", - деп,  
Жұт-жұттың саскалактап, астына алар,  
"Аяқты бер, әнекей келеді", - деп.

"Дөмді аспен қарным тойса" — деген арман,  
Мұршам аз ой ойлауға онан әрман.  
Әлі күнге өзгенің қызметімен  
Жетпедім бұл ниетке көнілге алған.

Мен сорда жастан бері дамыл бар ма?  
**Не** еңбек сінірмедім малы барға?  
Бетті үсікпен шірітуге көнбедім бе,  
**Малын қорғап** калам деп аяздарда?

Боранмен жердің үсті көмілгенде,  
Мұрның ғана көзіңе көрінгенде.  
Жазғы бұлттың жалтылы жай астында,  
Үйде отыру болды ма, жаңым, менде?

Илікпей су киімдер қатқанында,  
Денеме ызғары кеп батқанында,  
Бел шойрылып, бүйірге шаншу тиіг  
Үйыктатты ма аяғым жатқанымда?

Келгенде шаршап, тоңып, малын қарап  
Бай үйінен жедім бе тоя тамак?  
Өзі жеуге арланған асын беріп,  
Ол жетпесе, отырар "ит, шошқалап!"

Киім берсе, береді жыртылғанын,  
Кір, сасығын, жен, жаға қырқылғанын."  
Не шіріктен әперер шықпайтын қып,  
Жақсы еді "алмадым" деп құр тұрғаным.

Мен емес пе шалғы алып, шөбін шапқан?  
Малына құдық қазған, қауға тартқан?  
Балшық илеп, қорасын, үйін салып,  
Ағаш түсіріп, төбесін оның жапқан?

Білекпен киіздерін баспадым ба?  
"Кене жер" деп, қой қырықпай тастадым ба?  
Жүк артып, көшіретін мен емес пе?  
Не айтса, аяқты үшінан баспадым ба?

Мен емес пе ас қылған, малын **сауған**?  
Күндіз бағып, айырған тұнде жаудан?  
Ас пісірген, үй жылтқан мен емес пе,  
Тезек теріп, отын ап анау таудан?

Құлақтан бұрап отырып асау малын,  
Үйретуге қиналмап па ед менің жаным?  
Күн көріске қай жұмыс керек болса,  
Терлемеп пе ем мен істеп соның бәрін?

Әсірсе, жаздың қысқа тұндерінде,  
Шаршап, тәтті үйқыға кіргенімде,  
Көзді тырнап, күн шықпай, қой өргіздім,  
Ауыз кебер шілденің күндерінде.

Құрттаған, биттегеннің құртын алып,  
Шірігін жумап па едім дәрі жағып,  
Ішуге, кір жууға су тасыдым,  
Иығыма мойынағаш, шелек салып.

Мұздан жастық, бұлттан көрпе жамылып,  
Қыс жылқы бақпап па едім қарға малынып?  
Жылқымен бірге ықпап па ем үскірікте,  
Үсігем, ашығам деп, түрдым ба аңырып?

Үзак тұн итпен бірге қой күзетіп,  
Киім жок, күзгі сұық дірілдетіп.  
Таң атканша айғай сап, көз ілмеймін,  
Бай жатыр ақ үйінде пыр-пыр етіп.

## Қаладағы жебірлер

Мен жалғыз ел қызметін істедім бе?  
Қаланың да дәм-тұзын ішпедім бе?  
Тірі көрге түскендей жер астының  
Кендерін шығарғалы түспедім бе?

Тірідей жердің асты көрім болып,  
Көрден тұрған кісідей өнім болып,  
Пұшпағымнан талай тер ақпап па еді,  
Өнебойым қап-қара көмір болып?

Жер қазып, құм, тас төсеп шойын жолға,  
Сүйелдер шықпап па еді біздің қолға?  
Күніне 14 сағат жұмыс қылып,  
Тамактан қанша артылды ақым сонда?

Орын көп жаздай терлеп, тапканыма: н.А  
Экімдер алым алмай жатқаны ма? ж  
Кәрі әкем қысканнан соң ақша таптай, о.з.  
Кеп түскем саудагердің қақпанына. ғ.Є

Қыстайғы киген, ішкен борыш қайда?  
Борышсыз тұра алып па ең үн мен шайға?  
Бір тенгесін он тенге қылып алар  
Саудагер беріп пе еді оны жайға?

Екі-үш тенгем жетпей қап, ана байға  
Іштегі бұзауды ал деп, таптым айла:  
Кедейдің бейшаралық халін андып,  
Қылмай ма малы барлар сонша пайда?! н.А

Үш жыл жатып ол бұзау өгіз болар:  
"Өгіз бер, не тегін жүр" демей ме олар?  
Жыл сайын сондай борыш басын байлап,  
Кедейлер сен секілді кайдан онар?

Мен борыш алып па едім қол жеткенде,  
Алғам жоқ па жоқтықтың зары өткенде?  
"Қарға адым жер мұң болған" кездерді андып,  
Албастыдай баспай ма әл кеткенде?

## Үмітсіздік

Әкем, шешем, арғы атам солай өскен,  
Олардың да өкпесін есік тескен,  
Мен істеген жұмысты олар да істеп,  
Мұктаждықтан құтыла алмай, күні кешкен.